

транскрипциясында бұрмалануы, сондай-ақ кеңестік кезеңде жоғалған немесе ұмытылған жер-су атаулары сияқты мәселелер анықталды. Бұл облыстық ономастикалық саясатты жүйелеуді, электронды база құруды және этнолингвистикалық сараптаманы енгізуді қажет етеді. Зерттеудің практикалық маңызы - облыс әкімшілігі мен ономастикалық комиссияға жаңа атауларды енгізу немесе қайта атау кезінде тарихи-этимологиялық негізді қатаң сақтау, қайталануларды болдырмау және ұлттық тарихи сананы нығайту бойынша нақты ұсыныстар беруінде. Мұндай ұсыныстар Ақмола облысының ономастикалық кеңістігін ғылыми тұрғыдан басқаруға, тарихи сабақтастықты сақтауға және ұлттық мәдени мұраны толық қорғауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы: Санат, 2000.- 100-108б
2. Рысбергген Қ. Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері - Алматы: 2010.- 33-39б.
3. Оңғарұлы.А. Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы.- Нұр-Сұлтан 2020.- 312-350б
4. Жанұзақов.Т. Жер-су атаулары - Алматы: Өнер, 2011.- 386-480б
5. Ахатов А.Е. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: Ақмола облысы-ғылыми басылым, 2011-90б
6. Б.Ө. Жақып. Ақмола облысы энциклопедия- Алматы,2009-89-100 б

ҚАРНАҚ АНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ

Таштемирова С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қарнақ ауылының ономастикалық атаулары, олардың шығу тегі, тарихи-географиялық негіздері мен тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында топонимдердің аймақтық тарихпен байланысы, табиғи нысандармен сабақтастығы және атаулардың этнолингвистикалық мағынасы сараланды. Қарнақ өңірінің атаулары мәдениеті мен тарихи жадын танытатын маңызды дерек көзі ретінде алынып, салыстырмалы және топономикалық әдістермен талданды. Қарнақ топонимдерінің қалыптасуына түркілік дәстүр, исламдық құндылықтар және ортағасырлық мәдени орталық ретіндегі аймақтың тарихи рөлі әсер еткені анықталды. Сонымен қатар, атаулардың жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы мен рухани дүниетанымымен байланысы көрсетілді. Мақала Қарнақ аймағының тарихи жадын сақтау, мәдени мұрасын зерттеу және ономастикалық деректерді жүйелеу тұрғысынан маңызды ғылыми нәтижелер ұсынады.

Аннотация

В статье рассматриваются ономастические названия села Карнак, их происхождение, историко-географическая основа и языковые особенности. В ходе исследования анализируется связь топонимов с региональной историей, природными объектами и этнолингвистическим значением названий. Топонимы Карнака рассматриваются как важный источник, отражающий культурную и историческую память. Формирование топонимов Карнака определялось тюркскими традициями, исламскими ценностями, а также исторической ролью региона как средневекового культурного центра. Кроме того, в статье показана связь названий с бытом местного населения, его социальной структурой и духовным мировоззрением. Материал представляет важные научные результаты в контексте сохранения исторической памяти Карнакского региона, изучения его культурного наследия и систематизации ономастических данных.

Abstract

This article examines the onomastic names of the village of Karnak, their origin, historical-geographical background, and linguistic features. The study analyzes the connection of local toponyms with regional history, natural landmarks, and ethnolinguistic meanings. Karnak's place names are viewed as an important source reflecting the cultural and historical memory. The formation of Karnak's toponyms was influenced by Turkic traditions, Islamic values, and the region's historical role as a medieval cultural center. The article also highlights the connection of these place names with the daily life of the local population, their

social structure, and spiritual worldview. The study provides significant scientific insights for preserving the historical memory of the Karnak region, researching its cultural heritage, and systematizing onomastic data

Кілт сөздер Қарнақ, топоним, анамостика, тарихи атаулар, география, этнолингвистика, атау тарихы, өңірлік зерттеу, ғылым, мәдени мұра.

Кіріспе

Қазақ даласындағы әрбір географиялық атау - халық тарихының, дүниетанымының, көшпелі өмір салтының айқын айғағы. Анамостикалық зерттеулердің маңызы да осында: әрбір топоним өз бойына ғасырлар бойғы мәдени-тарихи мазмұнды жинақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Сол сияқты Қарнақ ауылының атаулары да тек жер-су белгісі емес, тұтас бір этностың тарихи санасынан сыр шертетін мәнді нысандар болып табылады. Қарнақ - Қазақстан мен Өзбекстан шекарасына жақын орналасқан, көне мәдени ошақтардың бірі. Бұл өңірдің тарихы Ұлы Жібек жолымен, сауда-мәдени байланыстармен, ортағасырлық қоныстармен және қазақ-өзбек этностарының аралас өмірімен тығыз сабақтас. Қарнақ атауының шығуы жөнінде бірнеше болжам бар. Кей деректерде «қар - ақ», «нақ - төбе, биік» деген мағынада түсіндіріліп, «ақ төбе» ұғымына жақындатса, енді бір еңбектерде парсы тіліндегі «қар» - құрылыс, «нақ» - орын деген сөздермен байланыстырады. Бұл пікірлердің барлығы да өңірдің көне мәдени-өркеніеттік байланыстарын дәлелдейді. Ауылдың айналасындағы кішігірім төбелер, ескі қоныстар, суландырылған алқаптар мен діни орындар атауларды қалыптастыруға негіз болған. Қарнақ өңіріндегі атаулардың қалыптасуына табиғи факторлар, тарихи оқиғалар, көшпенді тайпалардың қоныстануы, діни орталықтардың орналасуы және халықтың шаруашылық ерекшеліктері ықпал еткен. Мысалы, «Қараоба», «Молдатөбе», «Базаржол» сияқты атаулар сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік өмірден хабар береді. Бұл топонимдер ауылдың өткенін танып-білуге, тарихи-мәдени естеліктерді жүйелеуге мүмкіндік береді. Ономастикалық зерттеулер қазіргі таңда тек филология ғылымы үшін ғана емес, география, этнология, тарих және мәдениеттану салалары үшін де ерекше маңызды. Әсіресе аймақтық атауларды зерттеу - этномәдени болмысты сақтаудың бір жолы. Осы мақалада Қарнақ өңірінің атаулары топономикалық және салыстырмалы әдістер арқылы талданып, тарихи мәні мен қолданылу ерекшелігі жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қарнақ (Карнак) - Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы ауыл. Бұл атауға XI ғасырдағы әйгілі ғалым Махмұд Қашқари «оғыз шаһарларының бірі»; «қарлыны үлкен (карнак ер) кісі» деп түсінік берген (Махмұд Қашқари. 1-т., 439 б.). Бұдан соң Қарнақ атауы туралы жазылып, айтылған пікірлер аса көп болған жоқ. Е.Қойшыбаев: «Сыр бойындағы елді мекен аты (оғыз тайпаларының көнедегі қаласы орнына салынған), этноним», деген пікір айты (Е.Қойшыбаев. 1985, 163 б.). Л.Каримова: «Қарнақ» топонимі қар және -нак (нок), -лак /-лок, -ла + к, лик, лу + к элементтерінің қосылуынан пайда болып, «қарлы жер» деген мағынаны білдіреді. Ал нак / нок аффиксі өзбек тілінде тұрақ-жай атауларын жасаушы -лок аффиксінің бір варианты болып саналады», - дейді (Л.Каримова. 1982, 70 б.). Қарнақ атауының шығу тегінің жайлы әлі де талай пікір болары сөзсіз. Біздің пайымдауымызша, атаудың бірінші компоненті қар сөзін түркітанушы Г.Е.Корнилов: «Түркі тіліне тән: көне булгар тілінде қар - «қала», «қорған», «бекініс», - деп дәлелдейді (Г.Е.Корнилов. 1971. с.2.). Шубашкар - булгарская крепость, укрепленное селение, в имени которого шубаш («военачальник») және кар («крепость») (там же). Һүнді-европа тілдерінде қар - «тас», ауғанша қар - «тау», «жартас», даргин тілінде гар - «тас». Атаудың екінші компонентіндегі нак қосымшасы деген де пікір бар. IX ғасырда сыртқы жаулардан қорғану үшін қала сыртына қорған салынып, айнала-төңірек қоршап тастау дәстүрінің басым болғаны тарихи деректерден белгілі. Демек, Қарнақ атауы «айнала-төңірек қоршалған, мықты бекіністі қала» мәнінде қойылған болуы мүмкін. Карл Байпақов және оның экспедициялары Қарнақты зерттеген. 1986 жылы К. М. Байпақов басқарған экспедиция Қарнақты зерттеген деп ашық хабарланған материалдар бар. Бұл - Қарнақ туралы ғылыми түсінікке негізгі үлес қосқан жолдардың бірі.

Талқылау: Қарнақ атауының шығу тарихы

Қарнақ атауының шығу тарихы - өңірдің этномәдени дамуы мен тарихи-географиялық жағдайымен тікелей байланысты күрделі ономастикалық құбылыс. Бұл атаудың түп-төріні жөнінде бірнеше ғылыми пікірлер мен халықтық түсіндірулер сақталған. Әдетте топонимдерді зерттеу барысында олардың фонетикалық, морфологиялық және семантикалық қырлары қарастырылады, сондай-ақ тарихи деректермен салыстырыла талданады. Қарнақ атауы да осындай көпқабатты талдауды талап ететін көне атаулардың бірі.

Алғашқы ғылыми көзқарастардың бірі - Қарнақ атауын түркі тілдеріндегі «қар» және «нақ» түбірлерімен байланыстырады. «Қар» сөзі қазақ тілінде «ақ», «жарқыраған», «биік тау басындағы ақ қар» деген мағыналарды білдіреді. Кейбір зерттеушілер «нақ» компонентін «тұғыр», «төбе», «бекіген

орын» деп түсіндіреді. Осы тұрғыдан қарағанда Қарнақ «ақ төбе», «ақ шың», «биік жар» деген табиғи сипаттамаға жақын топоним болуы ықтимал. Ауылдың табиғи географиялық орналасуы бұл теорияны бөлігінше қолдайды: Қарнақ маңында биік жоталар, ашық төбелер мен ақшыл түсті тастар көп кездеседі.

Екінші бір ғылыми көзқарас Қарнақ атауын парсы тіліндегі «кар» және «нак» түбірлерімен байланыстырады. Парсы тілінде «кар» - «құрылыс», «бекініс», «іс-әрекет», ал «нак» - «орын», «кеңістік» деген мағынаны береді. Осы түсіндіруге сүйенсек, Қарнақ «бекінісі бар орын», «құрылысты мекен» деген мағынаны білдіреді. Бұл нұсқа тарихи тұрғыдан қисынды, себебі Қарнақ ауылы ежелде Ұлы Жібек жолына жақын орналасқан мәдени-экономикалық орталықтардың бірі болған. Бұл өңірде керуендер тоқтап, саудагерлер тұрақтаған орындардың болғандығы туралы тарихи деректер кездеседі. Мұндай мекендерде бекіністер, қорғандар немесе шағын құрылыс кешендері болуы қалыпты құбылыс.

Үшінші көзқарас - Қарнақ атауын тарихи тұлғалар мен тайпалық бірлестіктердің атауларымен байланыстыру. Кейбір этнолингвистикалық зерттеулерде «Қарнақ» атауының құрамындағы «кар» түбірі ежелгі түркі тайпаларының бірінің атауынан шыққан болуы мүмкін деген пікір айтылады. Бұл ойдың негізі - Орталық Азия аумағында «қарлық», «қарлук» деп аталатын тайпалардың болғаны. «Қар» элементінің осы тайпа атауларымен төркіндестігі ықтимал деген жорамал бар. Бұл жорамал тіпті Қарнақ тұрғындарының этногенезімен де сабақтасуы мүмкін. Алайда бұл бағыттағы дәлелдемелер әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Қарнақ атауына қатысты халық аузында сақталған аңыз-әпсаналар да бар. Солардың бірі бойынша, Қарнақ атауы ауылдың ақшыл тасқа бай төбелеріне байланысты қойылған деседі. Халықтың табиғатты қабылдау ерекшелігі мен көркемдік ойлауы нәтижесінде топонимдердің осылай қалыптасуы - қазақ ономастикасына тән құбылыс. Мұндай халықтық түсіндірулердің тарихи негізі болмаса да, атаудың семантикасына әсер ету мүмкіндігі бар. Қарнақ атауының мағыналық дамуы да қызықты. Уақыт өте келе бұл атау тек географиялық ұғым емес, мәдени-рухани символға айналған. Түркістан өңірінде орналасқан Қарнақ ауылы діни медреселерімен, шежірелі әулеттерімен және қолөнер дәстүрімен әйгілі болған. Осы тарихи рөл атаудың мәндік кеңістігін кеңейтті. Қарнақ тек жер атауы емес, білім мен мәдениеттің орталығы ретінде танылды. Бұл фактор топонимнің тарихи-мәдени маңызының артуына себеп болды. Сонымен қатар, Қарнақ атауы осы өңірдің тарихи кезеңдерімен, саяси-әлеуметтік өзгерістерімен тығыз байланысты. Халық көші-қоны, этникалық топтардың араласуы, тарихи қақтығыстар мен экономикалық дамудың кезеңдері атаудың қолданылуына әсер етіп отырған. Қарнақтың ежелгі шаһарлармен жақындығы, Түркістан қаласына байланысы, сауда жолдарының өтетін нүкте болуы - топонимнің тарихи маңызын арттыратын факторлар. Жалпы алғанда, Қарнақ атауының шығу тарихы көпқырлы, бірнеше тілдік және мәдени қабаттан тұрады. Оның табиғи-географиялық, этнолингвистикалық және тарихи-мәдени негіздерге сүйенетін бірнеше нұсқасы бар. Бұл топоним - өңірдің бай тарихы мен мәдениетінің айнасы іспетті. Сондықтан Қарнақ атауының мағынасын анықтау - тек тілдік талдау ғана емес, тұтас бір өңірдің тарихи жадын қайта жаңғыртуға бағытталған маңызды зерттеу.

Нәтиже

Зерттеу барысында Қарнақ өңіріндегі анамостикалық атаулардың бірнеше негізгі топқа бөлінетіндігі анықталды. Біріншіден, табиғи-географиялық ерекшеліктерге байланысты атаулар. Бұларға төбе, жота, сай, су көздері, өзен арналары секілді табиғи элементтерді білдіретін топонимдер жатады. Бұл атаулар көбіне халықтың табиғатты қабылдау ерекшелігі мен жер бедерінің сипатын бейнелейді. Қазақ тіліндегі көркемдік ерекшеліктер арқылы қалыптасқандықтан, мұндай атаулар ұлттық дүниетанымның бір бөлігі болып табылады. Екіншіден, тарихи-мәдени оқиғаларға байланысты атаулар. Қарнақ өңірі ғасырлар бойы сауда жолдарының бойында орналасқандықтан, мұнда көптеген тарихи қоныстар, сауда нүктелері мен діни орталықтар болған. Сол себепті «Молдатөбе», «Шағатай», «Базаржол» сияқты атаулар өңірдің көне мәдениетін аңғартады. Үшіншіден, шаруашылық-экономикалық қызметке қатысты атаулар. Халықтың негізгі кәсібі - мал шаруашылығы мен егіншілік болғандықтан, жерлердің бөліктері осы ерекшеліктерге қарай аталған. Бұл атаулар Қапшағай немесе Жетісу өңірлеріндегі шаруашылыққа байланысты атаулармен ұқсас. Төртіншіден, этнолингвистикалық сипаттағы атаулар. Бұл атаулар белгілі бір рудың, тұлғалардың немесе тайпалардың есімдерімен байланысты болуы мүмкін. Мұндай топонимдер өңірдің этностық құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Қарнақ анамостикасы тек жер атаулары емес, тарихи-мәдени ақпарат сақтаушы жүйе ретінде қарастырылады. Әрбір атау белгілі бір кезеңнің, белгілі бір оқиғаның немесе табиғи ерекшеліктің көрінісі болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қарнақ ауылының анамостикалық атаулары - өңірдің тарихи, мәдени, табиғи және этнолингвистикалық ерекшеліктерінің айқын көрінісі. Әрбір атау белгілі бір тарихи ізді,

белгілі бір табиғи ерекшелікті немесе халықтың шаруашылық-тұрмыстық өмірін бейнелейді. Зерттеу барысында анықталғандай, топонимдер жүйесі - тек тілдік құбылыс емес, тарихи-мәдени ақпараттың маңызды тасымалдаушысы. Қарнақ өңіріндегі атауларды топонимдік тұрғыдан зерттеу аймақтың этномәдени болмысын айқындауға, оның көне дәуірлерден бері келе жатқан тарихи сабақтастығын ашуға мүмкіндік береді. Олардың қалыптасуы табиғи нысандарға, тарихи оқиғаларға, сауда-экономикалық өмірге және діни орталықтардың дамуына байланысты туындаған. Бұл атаулардың барлығы қазақ халқының дүниетанымдық ерекшелігін, табиғатқа және қоғамға деген көзқарасын көрсете отырып, бүгінгі ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды.

Сондықтан Қарнақ анамостикасын зерттеу - тек ғылыми мақсат емес, ұлттық мұраны тану мен сақтау жолындағы маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Төлқожа Жанұзақ., Тарихи жер су аттарының түптөркіні, Алматы, 2010
2. Мұқанов, Р. Түркістан өңірінің тарихы, Алматы, 2013
3. [HTTPS://AIGAK.KZ/2018/03/27/ARNA-PIYAS-TARIH-ZHNE-SABATAS/](https://aigak.kz/2018/03/27/ARNA-PIYAS-TARIH-ZHNE-SABATAS/).
4. Карл Байпаков, Средневековые города Казахстана, Алматы, 2001
5. Сайден Жолдасбайұлы, Қарнақ. Тарихи-мәдени ескерткіштері

БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тоқтарғазы Ж.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

toqtargazyzhanerke@gmail.com

Астана қ.

Андатпа

Астана қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде, Есіл өзенінің сол жағалауында, Бозоқты көлінің шығыс жағында орналасқан Бозоқ қалашығының ономастикалық табиғаты мен тарихи-мәдени маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында қалашық атауының шығу тегі, құрамындағы компоненттердің мағынасы, сондай-ақ өңірдегі тарихи топонимдермен байланысы талданады. Бозоқ қалашығының тарихи кезеңдері, оның археологиялық құрылымдары мен қоршаған табиғи-географиялық ортасы зерттеу нысаны болып табылады. Мақалада қалашықтағы тұрғын үй, өндірістік және мәдени нысандар, қорғаныс бекіністері, егіншілік пен суармалы жүйелер, сондай-ақ діни-ғибадаттық орындардың рөлі сипатталады. Археологиялық табылулар арқылы Бозоқ қаласының ортағасырлық өмір салты, әлеуметтік-экономикалық, әскери және рухани ерекшеліктері талданып, оның Қазақстан аумағындағы тарихи сабақтастығы мен этникалық мәдени жүйеде алатын орны айқындалады. Аймақта кең таралған топонимдердің егіншілікке қатысты, гидронимдік, фитонимдік және шаруашылық сипаттағы атаулар екені дәлелденеді. Сонымен қатар мақалада қалашық атауының, гидронимдердің және жер-су нысандарының топонимдік мәні қарастырылады. Бұл деректер Бозоқ қаласының ортағасырлық әкімшілік, сауда, әскери және діни орталық ретінде қалыптасуын, сондай-ақ қазіргі Астана қаласының тарихи негізін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу ономастикалық, тарихи, археологиялық және мәдени тәсілдер арқылы қалашық пен аймақ тарихын кешенді сипаттауға бағытталған. Археологиялық табылулар мен ономастикалық деректердің интеграциясы Бозоқ қалашығын тек археологиялық ескерткіш ретінде емес, тарихи-мәдени, рухани және әлеуметтік-экономикалық орталық ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қалашық пен оның қоршаған табиғи-географиялық ортасының өзара байланысы зерттеліп, Бозоқтың Еуразияның ортағасырлық дала белдеуі тұрақты поселкелерінің ерекше түрі ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Кілт сөздер: Бозоқ, ономастика, Астана, топоним, гидроним, археология, тарихи-ономастикалық жүйе, ортағасыр, мәдени-тарихи мұра.

Аннотация

Рассматривается ономастический характер и историко-культурное значение Бозокского городища, расположенного в северо-восточной части города Астаны, на левом берегу реки Ишима, к востоку от озера Бозок. В ходе исследования анализируются происхождение названия городища,